

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жанатас көпсалалы колледжі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша ішкі талдау жүргізу нәтижелері туралы
АНЫҚТАМАСЫ

27.04.2026 жыл

Жанатас қаласы

Ішкі талдау объектісі: Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жанатас көпсалалы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (әрі - қарай Кәсіпорны).
Мекеменің мекен-жайы: Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жанатас қаласы, 5 мөлтек ауданы №1. Жұмыс телефоны: 8 72634 62614.

Электрондық поштасы: info@zhanatas-kk.edu.kz.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобы:

- Кәсіпорын директоры Түйтебаева Нурландия Ералиевна.
 - Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Коданов Дуйсенбай Ойыкбаевич.
 - Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары - Қойлыбекова Ақнур Дуйсеновна.
 - Бас бухгалтер - Тойшибаева Айсулу Кенесовна.
 - Кадр бөлімінің меңгерушісі - Айнекова Гульжан Дуйсенбаевна.
 - Мемлекеттік сатып алу туралы менеджер - Есжанова Гульзат Шоханқызы.
 - Заңгер, комплаенс офицер – Байтанова Айнура Сериковна.
- Комиссия тобы кәсіпорынның директоры Н.Е.Түйтебаеваның 2026 жылғы 1 мамыр айында № 26 ӨК бұйрығымен құрылған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2025 жылдың I маусым айынан – 2025 жылдың 31 желтоқсан айы аралығы.

Ішкі талдаумен 2026 жылдың I қаңтар айынан – 30 сәуір айы аралығына дейін қамтылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 5-тармағына және Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілді.

Кәсіпорында 6 бөлім құрылған:

1. Әкімшілік бөлімі.
2. Қаржы бөлімі.
3. Шаруашылық бөлімі.
4. Оқу ісі бөлімі.
5. Әдіскер бөлімі.
6. Тәрбие ісі бөлімі.
7. Өндірістік шеберлер бөлімі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар мен өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылды:

1. Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
2. Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

I. Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау.

Кәсіпорын өз қызметінде басшылыққа алатын және олардың негізгі қызметін қозғайтын төмендегі нормативтік-құқықтық актілер зерделенді:

Кәсіпорынында бекітілген Жарғы мен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызмет етеді. Сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пен нормалар анықталған жоқ.

Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Қызметкерлер құрамын басқару бойынша:

Кәсіпорын қызметкерлер саны – 106 қызметкер. Оның ішінде педагогтар саны – 62.

2025 жылы маусым айынан желтоқсан айы аралығында: жұмыстан босатылған адамдар саны – 15, барлығы келісім шарт мамандары, өз еріктерімен жұмыстан босатылды – 13, зейнеткерлік жасқа толған - 2.

Жұмысқа Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы №57 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы №96 бірлескен бұйрыққа сәйкес, қабылданған педагогтар саны – 3, қоса атқарушы педагогтар саны – 3, басқа персоналдар – 3 барлығы келісім шарт мамандары.

2026 жылдың I қаңтар айынан – 30 сәуір айы аралығында: жұмыстан босатылған адамдар саны – 1, келісім шарт маманы, өз ерікіменен жұмыстан босатылды – 1.

Жұмысқа қабылданған басқа персоналдар – 1 келісім шарт маманы.

2025 жылы маусым айынан желтоқсан айы аралығында тәртіптік жаза қолданылған қызметкерлер: педагогтар саны – 1.

2026 жылы маусым айынан желтоқсан айы аралығында тәртіптік жаза қолданылған қызметкерлер:
әкімшілік басқару персоналы – 1, басқа персоналдар саны – 10.

1.1. НҚА-дағы, бизнес-процестердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің атауы:

Нормативтік-құқықтық актілерді зерделеу барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар анықталған жоқ.

Сонымен қатар, кәсіпорынның персоналды басқару бағытындағы талдау барысында келесі ықтимал тәуекелдер айқындалды:

- кадрларды іріктеу және жұмысқа қабылдау процесіндегі субъективтілік тәуекелі;
- қоса атқарушылыққа қабылдау кезінде мүдделер қақтығысының туындау тәуекелі;
- тәртіптік жаза қолдану кезінде бірқелкі тәжірибенің болмау тәуекелі.

1.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы:

Аталған тәуекелдер нормативтік – құқықтық актілердің жетілмегендігімен емес, оларды тәжірибеде іске асыру барысында туындауы мүмкін.

Атап айтқанда, кадрларды іріктеу кезінде комиссия мүшелерінің субъективті шешім қабылдауы, қоса атқарушылыққа қабылдау кезінде жеке мүдделердің ықпалы болуы ықтимал. Сонымен қатар, тәртіптік жаза қолдану барысында нақты регламенттің жеткіліксіздігі қызметкерлерге әртүрлі тәсілмен қарауға алып келуі мүмкін.

1.3. Сыбайлас жемқорлық функцияларының шамамен тізімі:

- қызметкерлерді жұмысқа қабылдау;
- конкурс ұйымдастыру және өткізу;
- еңбек шарттарын жасасу және бұзу;
- қызметкерлерді лауазымға тағайындау және ауыстыру;
- қоса атқарушылыққа қабылдау;
- тәртіптік жаза қолдану;
- қызметкерлерді бағалау және көтермелеу.

1.4. Сыбайлас жемқорлыққа шалдыққан лауазымдар тізбесі:

- кәсіпорын директоры;
- директордың орынбасарлары;
- кадр бөлімінің менеджері;
- құрылымдық бөлім басшылары;
- конкурстық комиссия мүшелері.

1.5. Оны жою бойынша ұсынымдар:

- жұмыс орындары туралы ақпаратты ашық және тұрақты жариялау;
- кадрларды іріктеу процесінің ашықтығын қамтамасыз ету (комиссиялық қарау, хаттамалау);
- мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу тетіктерін енгізу;
- қоса атқарушылыққа қабылдауды нақты регламенттеу;
- тәртіптік жаза қолдану бойынша бірыңғай ішкі тәртіп бекіту;
- комплаенс-офицер тарапынан тұрақты мониторинг жүргізу.

«Жанатас көпсалалы колледж» МКҚК – ҚР «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» колледжге бекітілген Жарғы аясында және білім саласына қатысты ҚР басқа да Заңдарын, нормативтік – құқықтық актілері бойынша қызмет атқарады.

II. Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша:

Ішкі құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша: Кәсіпорын басшысы өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады. Жеке құрам бұйрықтарға қатысты ҚР Еңбек Кодексіне сәйкес жүргізіледі. Өндірістік қажеттілікке байланысты бұйрықтар кәсіпорынының жалпы жұмысына қатысты және олар қандайда бір тәуекелдерді туындатуға алып келмейді.

2.1. НҚА-дағы, бизнес-процестердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің атауы:

Кәсіпорын басшысының бұйрықтар шығару процесінде мүдделер қақтығысының туындау тәуекелі.

2.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы:
Кәсіпорын басшысы өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады. Жеке құрам бойынша бұйрықтар Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Сонымен қатар, өндірістік қажеттілікке байланысты бұйрықтар кәсіпорын қызметінің негізгі процестерін реттеуге бағытталған. Алайда, жекелеген жағдайларда шешім қабылдау барысында жеке мүдделердің ықпал ету ықтималдығы (мысалы, қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру, көтермелеу кезінде) мүдделер қактығысының туындауына әкелуі мүмкін.

2.3. Оны жою бойынша ұсынымдар:

- мүдделер қактығысын анықтау және реттеу бойынша ішкі саясатты бекіту;
- шешім қабылдау кезінде алқалылық қағидатын енгізу (комиссиялық қарау);
- бұйрықтарды келісу және бекіту процесінің ашықтығын қамтамасыз ету;
- мүдделер қактығысы туындаған жағдайда оны міндетті түрде жариялау тәртібін енгізу;
- кадрлық шешімдер қабылдау кезінде бірнеше жауапты тұлғалардың қатысуын қамтамасыз ету;
- комплаенс-қызмет тарапынан тұрақты мониторинг жүргізу.

III. Мемлекеттік қызметтер көрсету.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңға сәйкес, жұмыстар атқарылды.

1. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну – 417.

2. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру – 4.

3. Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру- 21.

4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру - 12.

5. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға жатақхана беру – 0.

6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға тенестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау – 7.

7. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау – 194.

8. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау - 41.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша сыбайлас жемқорлық қактығысы орын алған жоқ.

3.1.НҚА-дағы, бизнес-процестердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің атауы:

Мемлекеттік қызметтер көрсету барысында құжаттарды қабылдау, қарау және шешім қабылдау кезінде мүдделер қактығысының және субъективті шешім қабылдаудың туындау тәуекелі.

3.2.Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы:

Кәсіпорында мемлекеттік қызметтер Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Қызмет көрсету барысында белгіленген регламенттер мен стандарттар сақталады. Алайда, жекелеген жағдайларда қызмет алушылардың құжаттарын қабылдау, қарау және шешім қабылдау кезеңдерінде субъективті көзқарастың немесе жеке мүдденің ықпал ету ықтималдығы бар. Сонымен қатар, қызмет көрсету мерзімдерін негізсіз созу немесе артық талаптар қою тәуекелдері туындауы мүмкін. Жалпы талдау нәтижесінде мемлекеттік қызметтер көрсету барысында сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жоқ.

3.3.Оны жою бойынша ұсынымдар:

- мемлекеттік қызметтерді көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз ету;
- қызмет көрсету мерзімдері мен талаптарын қатаң сақтау;
- құжаттарды қабылдау және қарау процесін автоматтандыру;
- қызмет алушылар үшін ақпараттың қолжетімділігін арттыру;
- мүдделер қактығысын болдырмау бойынша ішкі бақылауды күшейту;
- комплаенс-қызмет тарапынан тұрақты мониторинг жүргізу.

IV. Рұқсат беру функцияларын іске асыру.

Есепті кезеңде бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралар Кәсіпорының жеке сайт, Facebook және Instagram әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшаларында жарияланған.

4.1. НҚА-дағы, бизнес-процестердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің атауы:

Рұқсат беру функцияларын іске асыру барысында шешім қабылдау кезінде субъективті факторлардың және мүдделер қақтығысының туындау тәуекелі.

4.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы:

Рұқсат беру функциялары Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады. Құжаттарды қарау және рұқсат беру шешімдері белгіленген тәртіп бойынша қабылданады. Алайда, кейбір жағдайларда рұқсат беру процесінде шешім қабылдаушы тұлғаның субъективті көзқарасы немесе мүдделер қақтығысы әсер етуі мүмкін. Бұл белгілі бір тұлғаларға негізсіз жеңілдіктер беру немесе шешім қабылдауды созу тәуекелін туындатуы ықтимал.

4.3. Оны жою бойынша ұсынымдар:

- рұқсат беру рәсімдерін толық регламенттеу және стандарттау;
- шешімдерді алқалы түрде (комиссия арқылы) қабылдау;
- барлық рәсімдер бойынша ашықтықты қамтамасыз ету;
- мүдделер қақтығысын алдын ала анықтау және реттеу тетіктерін енгізу;
- рұқсат беру процесі туралы ақпаратты ресми сайттарда және әлеуметтік желілерде (Facebook, Instagram) жариялау;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша тұрақты ақпараттық жұмыстар жүргізу.

V. Бақылау тексеру функцияларын іске асыру.

Жамбыл облысы бойынша тексеру комиссиясының 2025 жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес, Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау бойынша бюджет қаражатын жоспарлау және пайдалану тиімділігіне аудиті шеңберінде 2025 жылдың 10 қарашасынан бастап 2025 жылдың 28 қарашасын қоса есептегендегі аралығында «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жаңатас қоспалалы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорында (бұдан әрі - Кәсіпорын) мемлекеттік аудит жүргізілді. Аудит нәтижелері бойынша ұсынылған нұсқамаға сәйкес, кәсіпорында анықталған бұзушылықтарды жою бағытында тиісті шаралар қабылданғаны және жауапты тұлғалардың жауапкершілігі қаралғаны анықталды.

Атап айтқанда, 2025 жылғы қараша-желтоқсан айларында жүргізілген аудит қорытындысы бойынша қаржылық-шаруашылық қызмет барысында бұзушылықтар анықталған, оның ішінде:

- даму жоспарын іске асыру кезінде жоспарлы және нақты көрсеткіштер арасында ауытқулардың болуы;
- бухгалтерлік есеп жүргізуде кемшіліктер;
- тауарлық бойынша жеткізілімдердің орындалмауы;
- қызметкерлерге төлемдерді есептеу кезінде негізсіз артық төлемдерге жол берілуі;
- орындалған жұмыстар көлемінің сметалық құжаттамаға сәйкес келмеуі.

Анықталған бұзушылықтардың басым бөлігі аудит жүргізу барысында қалпына келтіріліп, тиісті қаржылық түзетулер енгізілген. Сонымен қатар, бұзушылықтарға жол берген лауазымды тұлғаларға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, тәртіптік және әкімшілік жауапкершілік шаралары қолданылған.

5.1. НҚА-дағы, бизнес-процестердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің атауы:

Қаржылық-шаруашылық қызметті жүзеге асыру және бақылау-тексеру функцияларын орындау барысында ішкі бақылау тетіктерінің жеткіліксіздігі.

5.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы:

Жүргізілген аудит нәтижелері кәсіпорында қаржылық жоспарлау, бухгалтерлік есеп жүргізу және бақылау функцияларын жүзеге асыру барысында жүйелік кемшіліктердің бар екенін көрсетті.

Аталған жағдайлар ішкі бақылау рәсімдерін жетілдіру қажеттігін, жауапты тұлғалар тарапынан бақылау функцияларын іске асыру тиімділігін арттыруды және қаржылық операциялардың ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету тетіктерін күшейтуді талап ететінін көрсетеді. Бұл өз кезегінде қаржылық ресурстарды жоспарлау мен пайдалану тиімділігін арттыруға, есептіліктің нақтылығын қамтамасыз етуге және ықтимал тәуекелдердің алдын алуға бағытталған қосымша шараларды қабылдау қажеттігін айқындайды.

5.3. Оны жою бойынша ұсынымдар:

- Қаржылық-шаруашылық қызметті жүзеге асыру бойынша ішкі бақылау жүйесін күшейту;
- Бухгалтерлік есеп жүргізу тәртібін қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге толық сәйкестендіру;
- Қаржылық жоспарлау процесін жетілдіру, жоспарлау мен нақты орындау арасындағы ауытқуларды жүйелі түрде талдау;
- Тауарлар мен қызметтердің нақты жеткізілуін бақылауды күшейту (қабылдау-беру рәсімдерін нақтылау);

- Қызметкерлерге төлемдерді есептеу кезінде автоматтандырылған бақылау тетіктерін енгізу;
- Ішкі аудит және тұрақты мониторинг жүргізу тәжірибесін жоғалтпау;
- Қызметкерлердің жауапкершілігін арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

VI. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Жергілікті бюджет есебінен, мемлекеттік сатып алуы қоса алғанда, 2025 жылдың ішінде айынан желтоқсан айы аралығында бөлінген қаражат 365 503,0 теңгені құрады.

Жергілікті бюджет есебінен, мемлекеттік сатып алуы қоса алғанда, 2026 жылдың қаңтар айынан сәуір айы аралығында бөлінген қаражат 201 318,0 теңгені құрады.

6.1. НҚА-дағы, бизнес - процестердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің атауы:

Бюджет қаражатын игеру және бөлу процесінде рәсімдік бақылаудың жеткіліксіздігі тәуекелі.

6.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы:

Бюджет қаражатын игеру және бөлу барысында жекелеген рәсімдердің орындалуын бақылауды оған әрі жетілдіру қажеттілігі бар. Қаржылық операцияларды жүзеге асыру кезінде құжаттардың толықтығы мен уақтылы рәсімделуін қамтамасыз ету маңызды болып табылады.

Жалпы алғанда, қаржылық процестер қолданыстағы талаптарға сәйкес жүргізілуде, алайда бақылау тетіктерін жетілдіру бағытында жұмыстар жүргізуді қажет етеді.

6.3. Оны жою бойынша ұсынымдар:

- қаржылық операцияларды рәсімдеу тәртібін сақтауды қамтамасыз ету;
- құжаттардың толықтығы мен дұрыстығына тұрақты бақылау жүргізу;
- бюджет қаражатын игеру процесінде ішкі бақылауды күшейту;
- жауапты тұлғалар тарапынан қаржылық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету.

VII. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

VII. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

Кәсіпорында жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына және өзге де нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

Есепті кезеңде мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша шарттар жасасылған. Сонымен қатар, білім беру процесін ұйымдастыру және студенттердің өндірістік тәжірибеден өтуін қамтамасыз ету мақсатында өндірістік кәсіпорындармен ынтымақтастық туралы меморандумдар жасалған.

Шарттар жасасу рәсімдері заңнама талаптарына сәйкес жүргізілген, шарттардың тіркелуі, келісу және орындалуын бақылау тиісті құрылымдық бөлімдер тарапынан жүзеге асырылған.

Жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде шарттар жасасу барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.

7.1. НҚА-дағы, бизнес-процестердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің атауы:

- жеткізушілерді (өнім берушілерді) айқындау кезінде субъективті шешім қабылдау тәуекелі;
- шарт талаптарын қалыптастыру және келісу барысында мүдделер қақтығысының туындау тәуекелі;
- шарттардың орындалуын қабылдау кезінде бақылаудың жеткіліксіздігі тәуекелі;
- орындалмаған немесе сапасыз көрсетілген қызметтерді қабылдау тәуекелі.

7.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы:

Шарттар жасасу және орындау процесі қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылғанына қарамастан, жекелеген кезеңдерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау ықтималдығы сақталады.

Атап айтқанда, жеткізушілерді талдау барысында лауазымды тұлғалардың субъективті шешім қабылдауы немесе жеке мүдделерінің ықпал ету ықтималдығы бар. Сонымен қатар, шарт талаптарын келісу кезінде белгілі бір өнім берушілерге артықшылық беру тәуекелі болуы мүмкін.

Шарттардың орындалуын бақылау және қабылдау кезеңінде нақты жеткізілген тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасын жеткілікті деңгейде тексермеу тәуекелі орын алуы мүмкін. Бұл өз кезегінде бюджет қаражатының тиімсіз жұмсалыуына және қаржылық тәртіптің бұзылуына алып келуі ықтимал.

7.3. Оны жою бойынша ұсынымдар:

- мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің ашықтығы мен айкындығын қамтамасыз ету;
- жеткізушілерді таңдау процесін толық автоматтандыру және адами фактордың ықпалын төмендету;
- мүдделер қалыптасуын анықтау және реттеу бойынша ішкі бақылау тетіктерін енгізу;
- шарттарды келісу және бекіту барысында көпдеңгейлі бақылау жүйесін қолдану;
- тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді қабылдау кезінде комиссиялық қабылдау тәжірибесін енгізу;
- қабылдау-тапсыру актілерінің негізділігі мен дұрыстығын тексеруді күшейту;
- шарттардың орындалуына тұрақты мониторинг жүргізу;
- комплаенс-қызмет тарапынан жүйелі бақылау ұйымдастыру.

VIII. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Кәсіпорында қолданылып жатқан ақпараттық жүйелер білім беру процесін, әкімшілік-басқару қызметін және мемлекеттік қызметтерді көрсету мақсатында қолданылады.

Жүргізілген талдау нәтижесінде кәсіпорында қолданылып жатқан ақпараттық жүйелерді пайдалану барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен мүдделер қалыптасуы фактілері анықталған жоқ.

Сонымен қатар, ақпараттық жүйелерді пайдалану бағытында келесі ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері айқындалды.

8.1. НҚА-дағы, бизнес-процестердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің атауы:

- ақпараттық жүйелерге қолжетімділікті беру және шектеу кезінде субъективті фактордың әсер ету тәуекелі;
- деректерді енгізу, өзгерту немесе түзету барысында адам факторының ықпал ету тәуекелі;
- ақпараттық жүйелерде тіркелетін мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын бақылаудың жеткіліксіздігі тәуекелі.

8.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы:

Ақпараттық жүйелерді пайдалану барысында негізгі тәуекелдер жүйеге қолжетімділікті басқару және деректермен жұмыс істеу процестеріне байланысты туындайды.

Атап айтқанда, пайдаланушыларға рұқсат деңгейлерін дұрыс бөлмеу немесе бақылаудың жеткіліксіздігі деректерге заңсыз өзгерістер енгізу тәуекелін тудыруы мүмкін. Сонымен қатар, енгізілетін мәліметтердің дұрыстығын жеткілікті деңгейде тексермеу басқарушылық шешімдердің сапасына әсер етуі ықтимал.

8.3. Оны жою бойынша ұсынымдар:

- ақпараттық жүйелерге қолжетімділікті рөлдік негізде шектеу;
- пайдаланушылар әрекеттерін тіркеу және мониторинг жүргізу;
- деректердің дұрыстығын тұрақты түрде тексеру;
- ақпараттық жүйелерді пайдалану бойынша ішкі регламенттерді жетілдіру;
- ақпараттық қауіпсіздік талаптарын күшейту;
- жауапты қызметкерлерге тұрақты түсіндіру және оқыту жұмыстарын жүргізу;
- комплаенс-бақылауды жүйелі түрде жүзеге асыру.

IX. Ұйымдастыру басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Кәсіпорында ұйымдастыру - басқару қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, ішкі нормативтік құжаттарға және бекітілген регламенттерге сәйкес жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және оның алдын алу мәселелері Кәсіпорын басшысының тұрақты бақылауында.

Жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде ұйымдастыру-басқару қызметі барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен мүдделер қалыптасуы фактілері анықталған жоқ.

Аталған бағыт бойынша келесі ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері айқындалды:

9.1. НҚА-дағы, бизнес-процестердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің атауы:

- басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде субъективті фактордың ықпал ету тәуекелі;
- ішкі бұйрықтарды шығару барысында мүдделер қалыптасуының туындау тәуекелі;
- қызметтік өкілеттіктерді пайдалану кезінде жеке мүдденің әсер ету тәуекелі.

9.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы:

- Ұйымдастыру-басқару қызметі шеңберінде қабылданатын шешімдер негізінен басшы және жауапты лауазымды тұлғалардың құзыретіне жатады.
- Осыған байланысты, жекелеген жағдайларда шешім қабылдау барысында субъективті көзқарастың әсер етуі немесе жеке мүдделердің ықпал ету ықтималдығы сақталады. Бұл кадрлық, әкімшілік және ішкі басқару шешімдерін қабылдау кезінде мүдделер қақтығысының туындауына алып келуі мүмкін. Сонымен қатар, ішкі бұйрықтарды әзірлеу және бекіту кезінде ашықтық деңгейінің жеткіліксіздігі белгілі бір тәуекелдерге себеп болуы ықтимал.


9.3. Оны жою бойынша ұсынымдар:


- басқарушылық шешімдер қабылдау процесін алқалылық қағидатымен күшейту;
- мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу тетіктерін енгізу;
- шешім қабылдау процесінің ашықтығын қамтамасыз ету;
- кадрлық және әкімшілік шешімдерді қабылдау кезінде бірнеше жауапты тұлғаның қатысуын қамтамасыз ету;
- комплаенс-бақылауды тұрақты негізде жүзеге асыру.


Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмысшы топ төмендегі ұсынымдарды енгізеді:



1. Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы және қозғалысы бойынша жұмыстарды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарын қатаң сақтау, негізсіз кадрлық ауысуларға жол бермеу. Мерзімі – тұрақты.
2. Қызметтік міндеттерді орындау барысында мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеу, оны алдын алу және анықтау тетіктерін жүйелі түрде қолдану. Мерзімі – тұрақты.
3. Кәсіпорын Жарғысына сәйкес бақылау функцияларын жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтау және бұзушылықтарға жол бермеу. Мерзімі – тұрақты.
4. Кәсіпорынға келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзімде қарау, сондай-ақ құзыретіне жатпайтын өтініштерді тиісті уәкілетті органға уақтылы жолдау. Мерзімі – тұрақты.
5. Қызметтік міндеттерді орындау барысында және қызметтен тыс уақытта Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, қызметтік әдеп нормаларын сақтау. Мерзімі – тұрақты.
6. Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және қызметкерлер арасында құқықтық сауаттылықты арттыру бойынша тұрақты түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Мерзімі – тұрақты.


Ішкі талдау жүргізген жұмысшы топ мүшелері:


Директор  Н. Туйтебаева

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары  Д. Коданов

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары  А. Койлыбекова

Бас бухгалтер
Кадр бөлімінің меңгерушісі  А. Тойшибаева
 Г. Айнекова

Мемлекеттік сатып алу менеджері  Г. Есжанова

Комплаенс-қызметінің офицері  А. Байтанова